

A vibrant, cartoon-style illustration. In the center is an open book with a white cover and yellow pages. The book is framed by a thick black border. Inside the book, the text "Қош келдіңіздер!" is written in a large, red, cursive font. The background of the book's pages is white and decorated with several small, colorful stars (blue, yellow, and orange). To the right of the book, a bright yellow sun with a smiling face and large eyes is shining. The sun has rays of various colors (yellow, orange, red). The entire scene is set against a light green background with stylized foliage and a white, cloud-like border at the bottom.

Қош келдіңіздер!



«Еңбек – өмір мәні»




Сабақтың мақсаты:

1. Еңбектің адам өміріндегі маңыздылығын ұғындыру.

2. Еңбектің шығармашылыққа ұласуы туралы жете меңгерту. 3.

Еңбекке қызығушылықтарын арттыру.



- **Құндылық:**

Дұрыс іс-әрекет.

- **Қасиеттер:**

*Адамның шығармашылық
қабілетін ашу, еңбек сүйгіштікке
тәрбиелеу.*





Үй тапсырмасы:



“Сұлулық әлемі”

эссе жазу



Тыныштық сәті





Дәйексөз

- Еріншектік – күллі дүниедегі өнердің душпаны. Талапсыздық, жігерсіздік, ұятсыздық, кедейлік- бәрі осыдан шығады.




Абай



Әңгімелеу



“Аңыз” (ел аузынан)



Ықылас еңбекқор шаруа еді. Жыл бойы таң атпастан тұрып, өзінің егістік жерінде еңбек етеді. Көршілері жерді бір рет аударса, ол-екі рет, кейде үш рет аударды. Оның жері аса үлкен болмаса да, ешкімдікінен кем болмай иесін асырап отырды. Ықыластың екі ұлы бар еді. Ұлдары өз әкелеріне ұқсамады: күні бойы ештеңе істемей бос жүрді, жұмыс істегілері келмеді. Әкесі олардың ақылға келіп, жалқаулыққа салынбай, жұмыс істеуін өтінеді. Олар оған құлақ аспады. Ықылас балаларының болашағынан қорықты. Жалқау ұлдарының өзі дүниеден өткен кезде қалай күн көретініне алаңдады. Бір күні Ықылас ауырып қалады. Бірнеше күннен кейін оның ауруы ұлғайып, енді сауықпайтынына көзі жетеді. Ол екі ұлын шақырып былай дейді:

-Балаларым, менің аз ғана демім қалды. Сендерге артымнан ештеңе қалдыра алмай барамын. Бірақ, таудың шығыс жағына қарай төрт аршын жерде біраз алтын көмілген еді. Сол алтынды тауып алыңдар, ол үшін сендерге жерді тау етегіне дейін терең және мұқият қазу керек. Артынша ол қайтыс болады. “Егер біз алтынды тауып алсақ, өмір бойы бай боламыз”, -деп ағайындылар көмілген алтынды іздей бастайды. Егіс алқабына барып, барлық жерді аударып, қазып тастайды. Бірақ алтынды таба алмайды.


-мүмкін, біз жерді терең қазбаған шығармыз,-дейді үлкен ұлы. Олар қайтадан жерді тереңірек қазып, аударып шығады. Тағы да ештеңе таппайды.

-Мүмкін, біз жерді тым тез қазып, алтынды байқамай қалған шығармыз,-дейді тағы да үлкен ұлы.

Ағайынды ұлдар жерді қайта-қайта қопарып, қазып-қазып, алтынды таба алмайды.

-Әкеміз бізді алдаған екен!-деп ойлайды ұлдары.

Осындай бірнеше рет өңдеуден кейін жер жақсы қопсып, ағайындылар егіс еккен кезде, егін өте тамаша шығады. Өздерінің төрт аршын жерінен, жұрттың сегіз аршын жерінен алынатын өнім алады. Сол кезде ғана ағайындылар әкелерінің сөзін естеріне алып, сөздің мәнін түсінген еді.





Ой қозғау

- *Егер ағайындылар жерден шынымен алтын тапқан жағдайда тіршілігі өзгерер ме еді?*
- *Еңбектің адам өмірінде қандай маңызы бар?*
- *Еңбек сүйгіштік қасиетті қалай түсінесіңдер?*




Шығармашылық жұмыс



“Еңбек бәрін
жеңбек”

Коллаж жасау





ЖАҒДАЯТТАРДЫ

ТАЛДАУ



1. Нұржан мен Болат 9-сыныпта бірге оқитын. Екеуі бүгіннен бастап, Ұлттық тестілеу сұрақтарына дайындықты бастайтын болып келіскен. Бірақ Нұржан үйге келген соң Болатқа бара алмайтынын айтып, телефон шалды. Болат себебін сұрағанда, Нұржан: -Әлі де уақыт бар емес пе, үлгереміз ғой,- деді. Болат...

Нұржанның әрекетін қалай түсіндіресің?

2. Мұғалім оқушыларға “Табиғат” тақырыбына ғылыми жоба дайындауға тапсырма берді.

Нұржан:

-Болат, кітапханаға барып жобамызды әзірлейік.

-Жоқ, табиғат туралы мәліметтерді жинақтай салуды ағама тапсырғанмын,- деді Болат.

-Ағаң бізге қажет нәрсені білмейді ғой,- деді Нұржан.

-Ештеңе етпес, жобамызды тапсырсақ болды емес пе?!

-Жоқ ол...

Нұржан мен Болатқа қандай кеңес берер едің?





Оқушылар, ән шырқайық



«Қырманға кел, қалқатай»

ӘНІН ҚОСЫЛЫП АЙТУ

Күн сүйеді бетімді, қыз сүймеген
Ту қададым тың жерге қол тимеген
Бұлаңдамай алыстан, қырманға кел
Кім бар екен еңбекке бас имеген

Ааа-ай..., құшағыма сені алып
Би билейін қуанып
Қырманға кел, қалқатай
Білегіңді сыбанып

Бермей-ақ қой орамал кестелеген
Бірге жүрші бидайға дестеленген
Жалқау болсаң ақ саусақ, қызыл тырнақ
Мен болар ем сендейді ескермеген





Қорытындылау



Үйге тапсырма: “Адам көркі-еңбек” тақырыбында ақын, жазушы ретінде өлең, әңгіме құрастыр; суретші ретінде сурет сал.

*Еңбекті жан-тәнімен сүймейінше,
ешбір талант та, ешбір кемеңгер де шықпайды.*

Д.И.Менделеев





